

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 16 мамырдағы N 644 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 25 қыркүйектегі N 908 Қаулысы . Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 31 тамыздағы № 520 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 31.08.2017 № 520 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қазақстан Республикасының резиденттері - жеке және заңды тұлғалардың КСРО Сыртқыэкономбанкі шоттарында оқшауландырылған қаражаттарын қайтару мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 16 мамырдағы N 644 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2001 ж., N 18, 229-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1-тармақта:

Қазақстан Республикасының резиденттері - жеке және заңды тұлғалардың КСРО Сыртқыэкономбанкі шоттарында оқшауландырылған қаражаттарын қайтару мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссиясының құрамына мыналар енгізілсін:

Коржова - Қазақстан Республикасының Қаржы

Наталья Артемовна министрі, төрайым

Елемесов - Қазақстан Республикасының Қаржы

Асқар Раушанұлы вице-министрі, төрайымның орынбасары

Есімқұлов - Қазақстан Республикасы Қаржы

Ерлан Тұрланғазыұлы министрлігінің Үкіметтік қарыздарды

тарту департаменті халықаралық

ынтымақтастық басқармасының бастығы,

хатшы

Сартбаев - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі

Медет Мақсұтұлы Төрағасының орынбасары

Сағындықов - Қазақстан Республикасы Экономика және

Самат Алпысұлы бюджеттік жоспарлау министрлігі

Инвестициялық саясат және жоспарлау

департаментінің директоры;

мына:

"Исабеков - Қазақстан Республикасы Әділет
Тимур Шамсатұлы министрлігі мемлекеттің мүліктік
құқықтарын қорғау, шарттар және
талап қою-қуыну жұмыстары
басқармасының бастығы"

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Исабеков - Қазақстан Республикасы Әділет
Тимур Шамсатұлы министрлігі Халықаралық құқық,
мемлекеттің мүліктік құқықтарын
қорғау, шарттар және талап қою-қуыну
жұмыстары департаментінің директоры";

көрсетілген құрамнан Дунаев Арман Ғалиасқарұлы, Әріпханов Айдар
Әбдіразақұлы, Өтеғұлов Мәулен Амангелдіұлы, Байнақов Рахмет Ғазизұлы
шығарылсын.

Көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының резиденттері -
жеке және заңды тұлғалардың КСРО Сыртқыэкономбанкі шоттарында
оқшауландырылған қаражаттарын қайтару мәселелері жөніндегі
ведомствоаралық комиссия туралы ережеде:

2-тармақта "Мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыз алу мен
борыш туралы" Қазақстан Республикасының Заңын" деген сөздер "Қазақстан
Республикасының Бюджет кодексін " деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н
Премьер-Министрі

Р е с п у б л и к а с ы н ы ң